

2006 жылы Қазақстан Республикасында республикалық және ресми халықаралық жарыстар өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 7 сәуірдегі N 90-ө Өкімі

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2006 жылы Қазақстан Республикасының аумағында республикалық және ресми халықаралық жарыстар өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) 2006 жылы Қазақстан Республикасында өткізілетін республикалық және ресми халықаралық жарыстардың тізбесі;

2) 2006 жылы Қазақстан Республикасында республикалық және ресми халықаралық жарыстарды дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Алматы және Астана қалаларының, Ақмола және Павлодар облыстарының әкімдері спорт түрлері бойынша тиісті федерациялармен келісім бойынша республикалық және ресми халықаралық жарыстарды (бұдан әрі - жарыстар) дайындауды және өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі жарыстарға дайындық пен олардың өткізілу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы және Астана қалаларында, Ақмола және Павлодар облыстарында қоғамдық тәртіптің сақталуын, ресми тұлғалар мен жарыстарға қатысушылар тұратын және жарыстар өтетін жерлерде олардың қауіпсіздігін, жарыстарға қатысушы шетелдік азаматтардың қонақ үйлерде тіркелуін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жарыстарға қатысушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуде жәрдем көрсетсін.

7. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі жарыстарға қатысушылардың темір жол және әуе қатынасы көліктерімен жүруі үшін орындардың брондалуын қамтамасыз етуде жәрдем көрсетсін.

8. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің шақыруы бойынша Қазақстан Республикасына жіберілетін жарыстарға қатысушы шетелдік азаматтарға визалық қолдау көрсетсін және визалар беруді жүргізсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 7 сәуірдегі
N 90-ө өкімімен

бекітілген

**2006 жылы Қазақстан Республикасында өткізілетін
республикалық және ресми халықаралық жарыстардың тізбесі**

P/c N	Іс-шаралардың атауы	Өткізу мер- зімі	Өткізу орны	Жауаптылар
1	2	3	4	5
1.	Еркін, грек-рим және әйелдер күресінен Азия чемпионаты	4 - 9 сәуір	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Еркін күрес және грек-рим күресі федерациясы келісім бойынша
2.	"Қазақстан Республикасы Президентінің кубогы" үшін бокстан "А" с ы н ы п т ы халықаралық турнир	24-29 мамыр	Астана қаласы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Астана қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Әуесқой бокс федерациясы (келісім бойынша)
3.	Ат спортынан Азия чемпионаты	8 - 11 маусым	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Ат спорты федерациясы (келісім бойынша)
4.	Самбодан әлем кубогы	4 - 7 шілде	Астана қаласы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Астана қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Самбо күресі федерациясы (келісім бойынша)
5.	Қазақстан Республикасы Президентінің жүлдесіне арналған халық ойындары	15-19 шілде	Павлодар қаласы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Павлодар облысының әкімі
6.	Триатлоннан Азия кубогының кезеңі	28-31 шілде	Ақмола облысының Бурабай кенті	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Ақмола облысының әкімі, Қазақстан Республикасының Триатлон федерациясы (келісім бойынша)

7.	Волейболдан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың кубогы" үшін халықаралық турнир	"Қазақстан Президенті	10-18 қы р - күйек	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Волейбол федерациясы (келісім бойынша)
8.	ЮНЕСКО-мен ынтымақтастықтағы "Дәстүрлі күрес түрлері бойынша дүниежүзілік фестиваль"		2-7 қараша	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Қазақша күрес федерациясы (келісім бойынша)
9.	Коньки спортынан чемпионаты	Азия	27-29 қазан	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Коньки спорты федерациясы (келісім бойынша)

Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2006.10.30. N 309-ө өкімімен.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 7 сәуірдегі
N 90 - ө өкімімен

бекітілген

2006 жылы Қазақстан Республикасында республикалық және ресми халықаралық жарыстарды дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінен құрамы

Досмұхамбетов - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрі, төраға

Темірхан Мыңайдарұлы және спорт министрі, төраға

Бабақұмаров - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі

Ержан Жалбақұлы және ақпарат вице-министрі

Белоног - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік санитарлық бас дәрігері

Зверьков - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары

Вадим Павлович министрінің орынбасары

Құсайынов - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі

Әбілғазы Қалиақпарұлы коммуникация вице-министрі

Қасымов - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің орынбасары

Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы бірінші вице-министрі

Есенбаев - Ақмола облысының әкімі

Мәжит Төлеубекұлы

- Кулагин Сергей Витальевич - Қостанай облысының әкімі,
Қазақстан Республикасы Триатлон
федерациясының құрметті президенті
(келісім бойынша)
- Нұрпейісов Қайрат Айтмұхамбетұлы - Павлодар облысының әкімі
- Тасмағамбетов Иманғали Нұрғалиұлы - Алматы қаласының әкімі
- Шөкеев Өмірзақ Естайұлы - Астана қаласының әкімі
- Атамқұлов Ерлан Дүмшебайұлы - "Қазақстан темір жолы" акционерлік
қоғамының президенті (келісім бойынша)
- Досымбетов Тимур Камалұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Олимпиада комитетінің президенті,
Қазақстан Республикасының Қазіргі
көпсайыс және биатлон одағының
президенті (келісім бойынша)
- Захарин Юрий Кузьмич - "Балуан Шолақ атындағы спорт және
мәдениет сарайы" коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорнының директоры
(келісім бойынша)
- Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы - "Қазмұнайгаз" ұлттық компаниясының
президенті (келісім бойынша)